КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 желтоқсан №4712-25-00-2/4207 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Н.Худибаева,
сот отырысының хатшысы А.Оралбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Benefit Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРДЫ МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Ермухан
жауапкер өкілі Е.Катжанов
үшінші тұлғаның өкілі А.Кадралиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Басқарма) 2025 жылдың 10 қыркүйекте №№15321790-2 "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" ЖШС үшін жалпы мақсаттағы құбыр сатып алу бойынша конкурсын жариялады (бұдан әрі – Конкурс).

2025 жылғы 26 тамыздағы №15321790-ОК2 ашу хаттамасына сәйкес Конкурсқа келесі әлеуетті өнім берушілер қатысты: 1) «ИнвестСтройГрупп Казахстан» ЖШС,2) «КазТемир Trade» ЖШС,3) «NOMAD SYNERGY»

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖШС,4) «Металл-Комплект KZ» ЖШС, 5) «СК-Максимум» ЖШС, 6) «Найбура» ЖШС, 7) «TS-Smart Construction»ЖШС, 8) «Orange beach» ЖШС, 9) «Benefit Commerce» ЖШС, 10) «Ақ-Мол-Нұр» ЖШС.

2025 жылғы 9 қыркүйек №15321790-ОК2 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес конкурстың жеңімпазы болып) «Ақ-Мол-Нұр» ЖШС, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «TS-Smart Construction» ЖШС. болып айқындалды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, 2025 жылдың 26 қыркүйегінде «Ақ-Мол-Нұр» ЖШС тарапынан «Benefit Commerce» ЖШС ұсынған сертификатқа қатысты шағым түскенін, жалған екендігі анықталғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі қарсы пікір келітіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (әрі қарай –Қағида) 212 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер:

- конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

- біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталса. Бұл ретте мұндай фактіні Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгілеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4–тармағының 1) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, 2025 жылдың 26 қыркүйегінде «Ақ-Мол-Нұр» ЖШС-нің Басқармаға жолдаған хатында «Benefit Commerce» ЖШС-гі 18.09.2025 жылы «Beijing NGV Certification Center Co., Ltd» атынан

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 17.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«LIAOCHENG JIAXIANG STEEL CO., LTD»-не берген №05320Q30372R0S, №05320Q30372R0S сертификаттар ұсынған. Мерзімі 16.04.2026 жылы деп көрсеткен. Алайда, сертификаттардың өткен мерзімі 2023 жылдың 16 сәуірде екені анықталды.

Сотта анықталғаны, «Мемлекеттік қызметтерді сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі ұлттық ақпараттық» платформаның ресми порталында ұсынылған ISO 45001:2018 №05320Q30372R0S және ISO 14001:2015 №05320Q30371R0S сертификаттардың өткен мерзімі 16.04.2023 жыл.

Сот отырысында үшінші тұлға осы мән-жайларды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюмен сотқа жүгінген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Benefit Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Benefit Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 17.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.Н.Худибаева

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 17.12.2025

4712-25-3-1/3962